

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.04-21.04.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Отбасыдағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі				

әңгімелесу, кеңес беру	қай жастан басталу керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға табиғат бұрышындағы өсімдіктерді суару не үшін қажет екенін айтқызу; балалардың сукұйғышты ұстап, өздігінен суаруларын қадағалау; өсімдіктердің гүлдегенін байқату.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, уқалауын қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойын әрекеттерін жасауды қадағалау; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинау әдебін бекіту, мақтау; ойнамау себебін айтуға үйрету ("ойнап болдым").	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары сөресінің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ойыншықтарды сөреге тізімдеп қоюға, ұсақ бөлшектерді өз қораптарына сала білуге дағдыландыру; әрекеттердің барысын қадағалау, мақтау.
	Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай". Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты	«Ғажайып хатқалта» дидактикалық ойын. Мақсаты:	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел	«Сиқырлы қыстырғыштар» дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер.	«Құстар» ойын-имитациясы. Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін,

	есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қарағайдың суреті. Жас қарағай Жас баладай Қаз тұрды да, бойлайды. Тауды аралай, тасты аралай, Жүгіріп жел, ойнайды. Ш. Мәмбетов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)	хатқалтадан шығарылған суреттердегі заттардың атауын дұрыс атау. Шарты: педагог суреттерді кезекпен шығарып, заттардың атауын дауыстап атайды; балалар суретке қарап қызығады, педагогтің соңынан атауға тырысады. Хатқалта. - Балалар, біреу бізге хатқалта салып жіберіпті! - Мынау - хатқалта. Бұл хатқалтада не бар? Хатқалтада ағаш, бүршік, жапырақ, гүл мен жемістің суреті болады. Педагог хатқалтағы	аузынан) Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауыз әдебиетінде сақталған тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Торғайды торғай мақтаған,	Балаларға қажетті түсті қыстырғыштарды, тактильді сезімдерді, екі түсті кезектесіп тұратын қыстырғыштарды таңдауға үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Материал: қарапайым киімдер, басылған суреттер. Ойын барысы: балалар ағашқа бұтақтар, күнге - сәулелер, қызылшаға-шыңдары және т.б. қыстыруды үйренеді. (сенсорика, қоршаған ортамен таныстыру)	дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту, қуанту қабілетін қалыптастыру. Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары. Қарлығаш боп ұшайық, Қарға болып секірейік. Торғай болып қонайық, Тоқылдап боп шоқиық. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)
--	--	---	--	--	---

		суреттерді бір-бірден шығарады. Хатқалтадағы суреттердің атауын дауыстап атайды. Балалармен бірге қайталайды. Балаларға сөздерді дұрыс айтқызады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру)		
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1."Саусақтарым сәлем дейді бәріңе" – екі алақанды жайып, ашып-жұму (3-4 рет қайталау); 2."Қайырлы күн деп, күлімдейді көздерім", көздерін сипап, кірпіктерін қағып, күлімдеу; 3."Қайырлы таң, жаңалық бар деп құлағым", құлақтарын сипап, басын екі жаққа кезек иеді. 4."Қайырлы таң дейді менің қолдарым!" – деп, қол білезіктерін айналдырады; 5."Қайырлы таң дейді менің денем де!" – деп, денесін қозғайды (3-4 рет қайталау); 6. "Қайырлы таң дейді менің аяғым!" – деп, екі аяғын кезек-кезек алға қояды (3-4 рет қайталау); Бірінің артынан бірі жай жүріп, ""Тамаша, тамаша, бір, екі деп санаса"" деп айта жүріп, орындықтарға жайғасады." (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақта-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің,				

	Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіңдер ме, ағаштар! Сәлеметсіңдер ме, үйлер! Сәлеметсіңдер ме, гүлдер! (сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Егейік көктем ағашын". Мақсат-міндеттер. Балаларды құм салынған қаппарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білуге үйрету; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білуге жаттықтыру; құм салынған қаппарды екі қолмен кезек	Музыка "Жасыл желек" Мақсат-міндеттер. Педагог балалардың ән айту кезінде орындықта дұрыс отыру қалыптарын қадағалайды. Ән айтуда балалар тез шаршап қалмас үшін дұрыс тыныс алу техникасын жетілдіру үшін дауыстық аппаратқа арналған қысқа және	Дене шынықтыру "Еңбегіне қарай өнбегі." Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін жүргізу; психогимнастика жасау іскерліктерін дамыту; құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын	Дене шынықтыру "Еңбек ептілікті сүйеді." Мақсат-міндеттер. Балаларды бір қатарға тұрғызып, құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыру техникасын дамыта отырып, оқу қызметін пысықтау, ептілікке, шапшаңдыққа	Сурет салудан ойын-жаттығу "Жасыл желек". Мақсат-міндеттер. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға үйрету; қылқаламның түгінде бояудың бітіп

	лақтыру техникасын меңгерту.Балалардың құм салынған қаптарды оң және сол қолмен тік бағытта лақтыра білу қабілетін дамыту; лақтыру кезінде қол, аяқ үйлесімділігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыруда қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; құм салынған қаптарды екі қолмен кезек лақтыру техникасын меңгерту; лақтыру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.	ұзақ демді алу жаттығуын жасатады. Бұл жаттығулар баланың дыбыстық аппаратын жетілдіріп, ән айту кезінде еркін дем алып, дем шығаруына жағдай жасайды.	жетілдіру; ептілікке тәрбиелеу.	тәрбиелеу.	қалмауын үнемі қадағалауға дағдыландыру; қылқаламмен салынған "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салу қабілетіне баулу; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; жасыл желектің тек көктемде болатыны туралы түсінік беру.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық				

	дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштар құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. "Желектер". Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту) Діңгегімен қоса теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау) Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды тамақтандыру). (еңбек дағдылары) Мақсаты: Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын	"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды тамақтандыру). (еңбек дағдылары) Мақсат-	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы бұтақтарды жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты	Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кішкентай бұтақтарды жинау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" (дене шынықтыру)

	солға бұлғау) Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату) Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалықты сақтауға деген қызығушылықты арттыру; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Кірпі" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.	ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру. "Мен секілді жаса". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: моториканы дамыту, эмоционалды көңіл- күйлерін көтерілуге ықпал ету.	міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Нысанаға жет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Ең жылдам". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу; ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту.	Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Жүгірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті дамыту.
--	--	--	---	--	--

	Балаларды кірпі туралы тақпақты тыңдап, жағымды эмоцияларға бөленіп, кірпіге еліктей білуге баулу. Педагог кірпі ойыншығын не суретін көрсетеді. - Балалар, бұл не? - Бұл кірпі, жарайсындар! - Кірпі, сен қайдан келесің? Қандай қоректі іздейсің? Пысылдайсың, пысылдайсың, Тоқтамайсың, тоқтамайсың. Д. Ахметова - Қанекей, кірпі ұқсап, мына жатқан жолдармен асықпай жүгірейік. Педагог балаларды алаңның түрлі бағыттарына				
--	--	--	--	--	--

	балаларды ертіп, асықтырмай жүгіртеді. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір- біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы,				

	Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Көктем келді". Мақсат-міндеттер. Балаларға көктемгі құбылыстар және көктемгі ағаштар туралы түсінік беру; сурет бойынша	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Пойызбен саяхат." Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аққайың". Мақсат-міндеттер. Балаларды аққайыңды бақылай білу негіздеріне үйрету; аққайыңның өзге ағаштардан	Жапсырудан ойын-жаттығу "Алқаны жинайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі түсті, көлемі бірдей домалақ пішіндерді доғал сызықтың бойына орналастыруға	"Шыршаларды құрастырайық" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды үшбұрыштар арқылы шыршаларды құрастыруға ынталандыру; қолдың ұсақ

	сұрақтарға жауап беруде байланыстыра сөйлеуін жетілдіру; көктем туралы жаттамақтарды айту арқылы көктемгі құбылыстарды бақылауға үйрету.	сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; түстері біркелкі, ұқсастығы шамалы бірыңғай пішіндердің сәйкестігін байқауға дағдыландыру.	ерекшеліктерін байқау дағдыларын қалыптастыру; аққайың туралы жалпы түсінік беру.	үйрету; домалақтардың (моншақтар) түстерінің сәйкес келуін байқауға дағдыландыру; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыру, сүлгіні қолдану іскерлігін қалыптастыру; балалардың байқағыштығы мен икемділігін, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту; балаларды ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу; жапсыру іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру.	моторикасын, жазықтықты бағдарлау және ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: үшбұрыштардың ұсақ модельдері (пластик немесе катпа қағаз). Педагог балаларға шыршаның суретін көрсетіп, оның сұлбасын үшбұрыштардан құрастыруға мүмкіндік береді. Балалар шыршаларды құрастырып болғаннан кейін, педагог үлгіні балалардың жұмыстарымен салыстырады. (сенсорика, қоршған ортамен таныстыру)
--	--	--	---	---	---

Балалармен жеке жұмыс	Ойын-имитация (қимыл жаттығуы) "Жас қарағай". Жас қарағай Жас баладай Қаз тұрды да, бойлайды. Тауды аралай, тасты аралай, Жүгіріп жел, ойнайды. Ш. Мәмбетов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Гүлдер нәзік болады, (Саусақтарды баяу ашу) Қаулап өсіп толады. (Қолдарын үстіге созып, бұлғайды) Қарамасаң аялап, Солып, қурап қалады. (Саусақтарын баяу жабу) (сөйлеуді дамыту)	"Торғай-торғай тоқылдақ" қимыл жаттығуы. (Ел аузынан) - Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтаған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	"Қайсысы дұрыс?" зейінді дамыту. Балалар алдына панноға бір қатарда аққайыңның дұрыс суреті мен оның бірнеше қате суреттері көрсетіледі: * 1-діңгегі қызыл, 2-діңгегі көк, 3-діңгегі ақ; * 1-діңгегі ақ, бірақ шыршаның бұталары мен инелері салынған; 2-діңгегі ақ, бұталары мен жапырақтары бар аққайың суреті; 3-діңгегі ақ, бірақ аласа, бұтаға ұқсайтын ағаш. - Балалар, мына қатардағы қайсысы аққайың? Көрсетейікші. Жарайсыңдар. (қоршаған ортамен таныстыру)	Артикуляциялық жаттығу. - Аш - аш, ағаш. - Шік - шік, бүршік. - Рақ - рақ, жапырақ. - Міс - міс, жеміс. (сөйлеуді дамыту)
-------------------------------------	--	---	---	---	---

Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.

тағы басқа әрекеттер)	Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) таныстыру. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Мақсат-міндеттер. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Саусақ моторикасын дамытатын ойындар. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Табиғат бұрышын зерттеу, қоршаған ортамен таныстыруға арналған ойындар. Мақсат-міндеттер. Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Отбасындағы әке, ана, ата-әже тәрбиесі және баланың дамуы", "Баланың өз ойын нақтылы жеткізуі қай жастан басталу керек?".